

Қарағанды облысы Осакаровка ауданы  
Маржанкөл ауылының №8 ЖББМ.КММ.

Сынып сағаты:  
**«Еңбек түбі- береке»**

Жетекші: Қарабай М.К  
Сынып: 5

2023 – 2024 оку жылы

**Сабактың тақырыбы: Еңбек түбі- береке /тәрбие жұмысы/**

**Сабактың мақсаты:** Оқушыларға еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіре отырып, ерінбей еңбек етуге, еңбектің адамның табиги қажеті екендігін ұғындыру.

Еңбексүйгіштікке, еңбек адамын құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелу.

**Әдісі: топтастыру:** /сұрақ – жауап, әңгімелуе/

**Көрнекілігі:** даналық сөздер, суреттер.

**Құтілетін нәтиже:** Ұлттық сана сезімі оянган, бойына парасатты, мәдениетті, мейірімді, еңбеккөр қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу болып табылады.

**Барысы:**

**I. Ұйымдастыру**

**II. Кіріспе бөлім.**

**Шаттық шенбері**

Білім Еңбек Жақсылық Мейірім

1. Мұғалім: Атасы он жасар баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

- Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?
  - Өрмек тоқып жүр.
  - Анау құмырсқаны көремісің?
  - Аузында бір нанның уағы бар, жүгіріп кетіп барады.
  - Жоғары қара аспаннан не көрдің?
  - Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шебі бар.
- Сонда атасы былай депті:
- Олай болса, шырагым, ол кішкентай жәндіктер саған ұлғі – өнеге: Өрмекші маса – шыбынға тұзақ құрып жүр, өзіне азық етуге. Құмырсқа нанның уағын өзі жемей уағын үйіне алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя жасауға шөп жинап жүр. Сен де еңбек етуге әдеттен – деді.
  - Бұдан балалар, сендер нені ұқтыңдар?
  - Еңбек етуді, уақытымызды босқа өткізбеуге, мейірімділікке.
  - Иә жарайсындар еңбек туралы бүтінгі тәрбие сағатымыз «Еңбек бәрін женбек» тақырыбында болмақ.
  - Еңбек адамға не үшін қажет деп ойлайсындар?
  - Адамға өмір сұру үшін ең алдымен не қажет деп ойлайсындар?
  - Адам өмір сұру үшін қажеттер: Ауа, су, тағам, нан, киім, жарық, жылу, білім, денсаулық, үй, көлік.(слайд)

Еңбек дегеніміз – адамның өмір сұруі үшін қажетті іс - әрекеті.


Еңбек етпеген ішіп жемейді

(халық мақалы)

**2. Мұғалім: - Балалар, еңбек сөзін естігенде ойларыңа не келеді?**

/Оқушылар өз бетінше ойларын жазып, қорғап шығады/.

Слайд арқылы «енбек» деген сөзге топтастыру жасау.



**Балалардың жауаптары тындалып болған соң, мұғалім толықтырып, адамның өмір сұруіне қажеттіңің барлығы еңбекпен келетіні түсіндіру.**

Итальяндық ғалым, суретші Леонардо да Винчидің «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді»

деген екен. Еңбектің пайдасы – тәрбиелейді, жігерлендіреді, күш береді, қуантады, бақытты етеді, өмір сұруғе үйретеді, үнемшіл болуға үйретеді, ширатады.

Слайд арқылы «еңбектің пайдасы» деген сөзге топтастыру жасау.

Еңбектің пайдасы – тәрбиелейді, жігерлендіреді, күш береді, қуантады, бақытты етеді, өмір сұруғе үйретеді, үнемшіл болуға үйретеді, ширатады, шынықтырады.

3. Оқушы: Еңбектену тек адамға ғана тән деген пікірмен келіспеймін. Жануарлар да дамыл таппай еңбектенеді гой. Мысалы «Құмырсқа елінде» деген әңгімені оқығанымда Құмырсқа илеуінің ішінде қашшама «бөлмелер» бар екенін білдім. Әр бөлмені пайдалану ретіне қарай «балалар бөлмесі», «азық коймасы» деп атайды екен. Сондай-ақ бал арасының қалай ұя салатынын да айтуга болады.

**Мұғалім:** Мысалдарың тамаша! Жануарлар да еңбектенеді екен. Бірақ қанша еңбектенгенмен адам еңбегінің олардан зор айырмасы бар ғой.

-Қандай айырмасы бар? Адам еңбегі оймен, санамен, ақылмен істеледі. Табигат заттарын өндеп, өзіне қажет, табигатта кездеспейтін бұйымдар жасайды. Адамнан басқа қандай жануар арнағы шам жасап қараңғыны жарық етеді?

**Адамның еңбегі- саналы еңбек, оған мысал келтіріп айтуга болады.**

Демек, адам табигатта кездеспейтін алуан түрлі күрделі заттарды, бұйымдарды ақылмен ойлап жасайды екен. Дегенмен оны алғашқыда табигаттан көріп үйреніпті. Адам табигаттан үйреніп кейбір заттарды ойлап тапқан.

/слайд /

**1-оқушы:** Аспанда қалықтал ұшқан құсқа қарап ұшақты ойлап шығарды.

**2-оқушы:** Бал арасының ұсын, ағаш жапырактарының діңі, бұтақтарының орналасуын, құрылымын т.б зерделеп, алуан түрлі ғимараттар салды.

**3-оқушы:** Құмырсқа илеуіне негізделген қалалар түргызды.

**4-оқушы:** Балықтың жүзуіне қарай отырып кемелер жасалды.

**5-оқушы:** Табигаттагы инелікке қарай отырып тікұшақ жасады.

Осы айтылған аз мысалдан-ақ адам еңбегінің жасампаздығын байқаймыз.

Сонымен тіршілік үшін аудадай қажет заттың бәрін адам баласы оз қолы, өз еңбегімен жасайды. Адам өз қолымен жасайтын еңбегі әрі сарқылмас жігерімен құдіретті. Еңбектің арқасында адам жетіліп дами бермек. Еңбек адамның денесін шынықтырып, мінез-құлқын қалыптастырады. Еңбек ету адам баласынан тапсырылған іске деген табандылық пен ынта-жігерді, құндылықты, тындырымдылық пен жауапкершілікті талап етеді. Адам ерінбей еңбек ету арқылы қуанышқа, шаттыққа бөлениді. Еңбексүйгіштік, еңбеккорлық және еңбекті бағалай білген адам өмірде құрметкө бөлениді.

4. Еңбек ардагерлері туралы слайд

5. Берілген нақыл сөздермен мақал-мәтелдің мағынасын тану

1. «Еңбек түбі – зейнет». Еңбек әрбір адамды зейнетке жеткізеді. Еңбек етсең еш нәрседен кем болмайсың. Еңбек етсөн барлық нәрсеге қол жеткізесін. Біздің еңбегіміз сабакты жақсы оқып, ата-анамызды қуанту. Жалқау, еріншек балалар үнемі 2, 3 бағаларын алып жатады. Өйткені, олар еңбектеніп оқымайды.

2. «Жақсы жұмыс – жанға тыныс».

Біздің ойымызша, әрбір адам жұмысын бар ынтасымен тыңғылықты етіп жасаса, өзі де оған қасындағы жолдастары да риза болмақ.

3. «Еңбексіз өмір – сөнген көмір». Көмір отын екенін білеміз. Ол жылдыту үшін қажет. Ол жанбаса жылу болама? Эрине жоқ. Сол сияқты еңбек етпеген әрбір адам жылусыз сөнген көмір сияқты. Сондықтан еңбек етуіміз керек.

4. «Еленген еңбек өнімді». Еңбек еткен адамның еңбегі елеусіз қалған емес. Олардың аттары тарихта қалады. Мысалы, Қаныш Сәтбаев атамыз көп еңбегінің арқасында аты елеулі. Көптеген спортшылар олар тынымсыз еңбегінің арқасында дүние жүзінде аттары әйгілі .

6. Топтық жұмыс

1-топ: «Мақалдың жалғасын тап»(еңбек , жаңбырменен, ерінбей, ел,тіленбей)

..... жер көгерер,  
Еңбекпенен .....көгерер  
Еңбек етсең.....  
Тояды қарыңц.....  
Ердің атың .....шығарады

**2-топ: Сурет бойынша әңгіме құрастыру.**

**3-топ: Мамандық иелерін сәйкестендіру**

Адал еңбектің нәтижесі адамды қуанышқа бөлдейді. Адам өз мақсатына ерінбей еңбек еткенде гана қол жеткізе алады.

4-топ: Эссе жазу

7. Бүгін келген қонақтарға сұрақтар береміз. **Сұхбаттасу** 1. Өзінізді еңбеккормын деп санайсыз ба? Еңбекқорлық адамды қандай қасиеттерге баулиды?

2. Адамның бойында қандай қасиеттер болғанда жетістіктерге жетуге болады?

3. Ұстаз болу сіздің бала күнгі арманыңыз ба еді?

Балалар, біз қазір сендермен қағазды үнемдей отырып, оригами әдісімен көгершінді жасаймыз. Жасау жолдарын көрсету.

Жасап болған сон әрбіреуін тілек айтып, аспанға көгершіндерінді ұшырындар. «Өз еңбегінің жемісі неліктен тәтті?» деген сұраққа жауап береді.

Балалардың жауаптары: «Өйткені.....» деп басталады:

- Өйткені өз қолыңмен жасайсың.
- Өйткені өз күшінді жүмсайсың.

### **Ойды тиянақтау.**

1. Адам өмірінде өзіне ыңғайлы, өзі қызығатын, қолынан келетін істі істесе, еңбегінің өзіне де, өзгеге де пайдасы мол, жемісті болып, еліне, халқына пайдасы берекелі болады

2. Адал еңбек адамды қуанышты сезінуге, өзіне деген сенімділікке жетелейді, бақытқа, байлыққа жеткізеді

3. Еңбексүйгіш адам айналасына да сыйлы, беделді болады. Әрқашан өз ісімізге адал болып, еңбектің тәтті дәмін сезіне білейік. Адал еңбекті бағалап, қадірлейік

4. Еңбек пен бақыт – егіз

Еңбек – іздену, үйрену, көмек көрсету, оқу, қамқор болу, нәтижеге жету.

Бақыт - Қуанышқа бөлену, сезіну, қадірлі болу, адалдық, мақсатқа жету, өз еңбегінің жемісін көру

**Ән: Біз бақыт тілейміз**